

**Жалпы білім беретін №13 мектептің Қамқоршылық кеңес отырысының  
Хаттамасы №5**

**Атырау облысы  
Құлсары қаласы**

**7.06. 2018 жыл**

**Қатысушылар: 9-кеңес мүшесі, 1-мектеп басшысы.**

**Қатынасқандар:**

**Танатарова Майра Абуғалиқызы –мектеп директоры.**

**Хайруллина Света –әлеуметтік педагог.**

**Дарментаева Раушан –оқу ісі орынбасары.**

**Тажиева Гулбану –тәрбие ісі орынбасары.**

**Сабитов Олжас –кеңес төрағасы.**

**Бурамбаева Айнагүл – кеңес мүшесі**

**Окашев Сүндет –кеңес мүшесі**

**Аманғалиева Бақтылы –кеңес мүшесі**

**Ғинаятова Дина –кеңес мүшесі**

**Рамазанова Шынар –кеңес мүшесі**

**Акмулдиева Шарипа –кеңес мүшесі**

**Утегенова Моншақ –кеңес мүшесі**

**Бегежанов Марат-кеңес мүшесі**

**Күн тәртібінде:**

- 1. 2017-2018 оқу жылында оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру.**

**Тыңдалды:**

**Мектеп директоры: Танатарова М.А-** мектептегі әлеуметтік жағдайы аз қамтылған оқушыларды есепке алып, жоспарға сәйкес осал топ санатына жататын оқушылар жазғы сауықтыру-демалыс орталығына барып демалып келеді деп жоспарлануда. Оқушылардың жазғы сауықтыру лагеріне баруын яғни әлеуметтік жағдайы аз қамтылған оқушылардың мектепшілік және мектептен тыс лагерлерге қамтылуын қамқоршылық кеңестің отырысы мен және жазғы демалыс лагерінің комиссия мүшелерінің шешімімен анықталады. Қазіргі уақытта белгілі болып отырған демалыс лагерлері төмендегідей. Мектептен Железноводск «Қазақстан геологы» демалыс лагеріне ІІ кезеңде яғни 17 маусым күні-7 оқушы барады. Олар 1 толық жетім, 3 жартылай жетім, көп балалы отбасынан шыққан 1 оқушы, 1 оқушының анасы ІІ топтағы мүгедек, 1 оқушы жалғызбасты ата-ана тәрбиесінде. Атырау «Тұлпар» демалыс лагеріне ІІІ кезеңде яғни 1-ші шілде күні -5 оқушы барады. Олар жартылай жетім 1 оқушы, аз қамтылған отбасынан -2 оқушы, көп балалы отбасы балаларынан-2 оқушы қамтылып отыр. Алда Қамыскөл лагеріне 10 оқушы,

мектеп жанынан демалыс лагеріне 5 оқушы жіберу жоспарда тұр. Мектеп жанынан «Балдәурен» лагеріне 160 оқушы қамтылуда. Лагерге мектеп жанындағы тамақпен қамтылған «Балдәурен» лагері I, II және III кезеңнен 12 күннен жүргізіледі. Ата-аналардың өтініш-арыздары есепке алынып, I, II кезеңде 53 бала, III кезеңде 54 баладан қамтылады.

### Сөз алды

**1. Қамқоршылық кеңес төрағасы Сәбитов Олжас:** Бүгінгі мәселе бойынша жазғы демалыс лагері жақсы жоспарланып жатыр екен. Аз қамтылған, қамқоршысынан айырылған т.б отбасы балалары толық қамтылып, жақсы демалып, келесі оқу жылына жақсы көңіл күймен келуіне тілектеспін. Қамқоршылық кеңесі төрағасы атынан көмек қажет болса, көмек беруге дайынмын.

**2. Ғинаятова Дина – кеңес мүшесі:** Менде өз ойымды айта кетсем мектеп лагерінің жоспарымен танысып отырмын. Балаларға ұнайды деп ойлаймын. Апталық ас мәзірі, балалар ойнайтын бөлме барлығы жабдықталып жатыр екен және сыртта өтетін демалыс лагерлеріне де оқушылар толық қамтылыпты.

**3. Рамазанова Шынар – кеңес мүшесі:** Менде осы мәселе бойынша айтар болсам, бытырғы лагерге барған оқушылар алмастырылып, бармаған оқушылар барғаны дұрыс. Мектеп әкімшілігі барлық жағдайды жасап отыр, қамқоршылық кеңес мүшелері атынан қолдан келер көмекті беруге дайынбыз.

### Қаулы қабылданды:

1. 2017-2018 оқу жылында жазғы демалыс лагерімен қамтылған оқушылардың құжаттары толық жинақталып, өмір қауіпсіздігімен таныстырылсын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:

Хатшы:



Сәбитов Олжас

Хайруллина.С.Х